



**ҚАЗАҚ ТІЛІ
(ОРЫС)**

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОРЫС)

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОРЫС)

Әлеуметтік гуманитарлық пәндер және арт менеджмент кафедрасы

ф.ғ.к. доцент

Жұмашева Гүлжан Кенжеғалиқызы

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ (сингормонизм)

Сабақ мақсаты

1. Тақырыпты меңгеруде **жаңа лексикамен** танысу;
2. Үндестік заңының **түрлері мен ережелерін** меңгеру;
3. **Орфоэпиялық, орфографиялық** ережелерді білу.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Қазақ тілі барлық түркі тілдерінің ішінде өзінің жалғамалылық қасиетімен ерекшеленеді. Мұнда грамматикалық түрленулер түбірге түрлі мағыналы қосымшалар **үндестік заңы** арқылы жалғанады.

Үндестік дегеніміз –дыбыстардың бір бірімен үйлесімділікте (гормония)қолданылуы.

Тіл білімінде **сингормонизм заңы** деп аталады.

Мысалы:

«Не **ек-се-ң**, соны **ор-а-сың**» деген сөйлемде, **ек** сөзінің **түбірі жіңішке**, сондықтан қосылатын қосымшада жіңішке болады, ал **ор** сөзі жуан, сондықтан қосылатын қосымша да жуан болады.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ 2-ге БӨЛІНЕДІ:



Буын үндестігі

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не жіңішке болып үндесуі. Сөздің жуан жіңішкелігіне қарай жалғанатын буындар да жуан, жіңішке болып жалғанады.

Буынды дауысты дыбыстар құрайды.

Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс:

4 жуан - А О Ұ Ы

8 жіңішке - Ә Ө Ү І Е И Э У



Дыбыс үндестігі

Түбір мен қосымшаның, сөз бен сөздің арасындағы дауыссыз дыбыстарың бір-біріне әсер етуі дыбыс үндестігі деп аталады. Дыбыс үндестігі әсіресе дауыссыз дыбыстар арасында орындалады.

Буын үндестігі

Мысалы:

**Зауыт+тар+ға арнайы тазарт+қыш
қондырғы+лар орнат+ыл+а+ды.**

**Автокөлік+тер+ден шығатын
түтін+нің жолына сүз+гі қойылады.**

Дыбыс үндестігі

Дыбыс үндестігі қатар келген екі дыбыстың бір –біріне ықпал етіп үндесуі, яғни **ассимиляция** деп те аталады.

Ассимиляция

– **латын** тілінің *assimilato* «**ұқсату**» деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан термин.

Дыбыс үндестігі **үшке** бөлінеді:

- 1) **ілгерінді ықпал;**
- 2) **кейінді ықпал;**
- 3) **тоғыспалы ықпал.**

Дыбыс үндестігіне мысал

Мысалы:

«**Не ексең**, деген тіркесте, **ек** сөзі қатаң **к** дыбысына аяқталып тұр, сондықтан қосылатын қосымшада қатаң **с** дыбысынан басталады.

Табиғат+ты қорғау – ұқыптылық+тан басталады

Дыбыстардың бір-біріне әсер ету салдарынан болатын өзгерістер жазылуда ескерілмейді.

Мысалы:

Жазылуы

Айтылуы

Ақ лақ

Ағ** лақ**

Ботакөз

Ботағ**өз**

Көзқарас

Көзғ**арас**

Жүсіпбек

Жүсіпп**ек**

ЖАТТЫҒУ

**Адам+ның табиғат+сыз күні жоқ,
Табиғат+тың оны айт+ар тіл+і жоқ.**

**Ағаш жапырағ+ымен, жер топырағ+ымен
көрікті.**

(мен қосымшасы үндестік заңына бағынбайды)

**Ағаш+тың жемісін жеймін десең, түб+іне
балта шап+па.**

**Әрбір ағаш+ты, әрбір бұлақ+ты сақтау,
қамқор болу – адамзат+тың басты міндеті+нің бірі.**

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Қазақ тілі қандай қасиетімен ерекшеленеді?

А. Жалғамалылық Б. Ажырату

2.Үндестік деген не?

А. Үйлесім Б. Қайшылық

3.Буын үндестігі қандай дыбысқа байланысты?

А. Дауысты Б. Дауыссыз

4.Қазақ тілінде қанша жуан дыбыс бар?

А. 4 Б. 8

5.Дыбыс үндестігі қандай дыбыстарға байланысты?

А. Дауыссыз Б. Дауысты

6.Түбір жіңішке болса, қосылатын қосымша да

....А. Жуан Б.Жіңішке

7.Сөздің соңғы буыны жуан болса, жалғанатын буындар да...

А.Жуан Б.Жіңішке

8. Үндестіктің қанша түрі бар?

А. Бірнеше. Б.Екі